

Құтқарушы Исаның дүниеге келуі

1 Сол күндері Август патшадан барлық жердің тұрғындарына тізімге тіркелуіне бұйрық берілді. 2 Бұл Сирияны Кирина басқарған кездегі алғашқы тізімге тіркеу еді. 3 Сонда тізімге жазылу үшін әркім өз қаласына кетті. 4 Жүсіп те Ғалилея өлкесіндегі Назарет қаласынан, Иудеядағы Бетлехем деп аталған Дәуіттің қаласына, тізімге тіркелуге келді, өйткені ол Дәуіттің әулетінен және руынан еді. 5 Онымен бірге қалыңдығы Мәриям да барды, оның аяғы ауыр болатын. 6 Олар онда болғанда, Мәриямның босанатын уақыты келді. 7 Ол тұңғыш Ұлын тапты да, Оны күндақтап, қорадағы ақырға жатқызды, өйткені оларға қонақ үйден орын табылмады. 8 Сол өңірде малшылар далада түнеп, малдарын күзетіп жатқан еді. 9 Кенеттен олардың қасына Жаратқан Иенің перштесі келіп, Иеміздің сәулелі салтанаты нұрын түсірді; малшылар қатты қорықты. 10 Періште оларға: «Қорықпандар! Мен сендерге қуаныш жариялаймын, ол барлық халыққа ортақ: 11 бүгін Дәуіттің қаласында сендерге Құтқарушы дүниеге келді, Ол — Иеміз Мәсіх! 12 Міне сендерге белгі: ақырда күндақтаулы жатқан Нәрестені табасындар», — деді. 13 Сол сәтте періштенің қасына көктегі періштелердің бір тобы қосылды да, Құдайды дәріптеп: 14 «Жоғарыда Құдайға даңқ, жер устінде бейбітшілік, адамдарға ізгілік болсын!», - деді. 15 Періштелер көкке көтеріліп, олардан ұзақтағаннан кейін, малшылар өзара сөйлесіп: «Бетлехемге барайық, ол жерде не болғанын, жаратқан Иенің бізге білдіргенін көрейік», — деді. 16 Олар асыға келіп, Мәриям мен Жүсіпті және ақырда жатқан Нәрестені көрді. 17 Мұны көрген соң, малшылар Нәресте туралы өздеріне айтылған сездерді айтып берді. 18 Оны естігендердің бәрі, малшылардың айтқандарына қайран қалды. 19 Ал Мәриям болса, бұл сөздерді кеңіліне түйіп, есіне сақтады. 20 Малшылардың көргендері мен естігендерінің бәрі періштенің айтқанындай болған соң, олар Құдайды құрметтеп, Оған мақтау айтып, қайтып кетті.